

Сыныптастарымның жеңістері мен жетістіктері

Менің білім алып жүрген алтын ұям - А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебім оқушыларға бапалы білім мен саналы тәрбие беріп, талай шәкірттерге үлкен өмірге жолдама беріп келеді.

Ұстадарымыз оқушыларымыздың білімге, өнерге, спортқа қызығушылығын арттырып, өнім артып, қанаттандырып, жетістерге қосып, жеңістің татты дәмін сезіндіреді. Осы сәтте біз оқитын II «А» сыныбымыз бірнеше жетістігін атап өткім келеді. Менің сыныптасым Рамазан Абдімәлік күрестен Ақтөбе қаласында двенадцатипятилетнем 1999-2000 жылы туған жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында 55 келі салмақ дәрежесінде бірінші орын алып, чемпион атанды. «Егер адам қолынан келетін, істеуге ниетті нәрсені жүзге асырса, сол адамды бақытты және арасымыз деп атауға болады» деген Леонардо да Винчидің сөзі біздің Рамазанға арналғандай, бірнеше жыл қатарынан «Қайрат» спорт клубінің дзюдо секциясына үздіксіз барған Рамазанның еңбектенуінің және жетекшілеріміз Сырдықов Мұраттың шеберлігінің арқасында биік бас бағындырды.

Еліміздің намысын қорғау үшін әлемдік додала бақ сынақ сыныптасымыз биіктерді

бағындыра бер демекші.

Мектебіміздің баскетбол құрама командасының белсенді мүшесі Үкібай Жақсылықов, хоккей құрамасының команда капитаны Төлеу Едірес, дзюдо күресінен Темірлан Қанатбек, Айзат Шалдыбаев, Асылан Орманали секілді спортты жанына серік еткен ұлдарымыздың жеткен жетістіктері көп.

Қалалық, облыстық деңгейдегі білім байгелерінде Ақерке Байғарина, Айнул Ганиева топ жарды. Сынып ұжымындағы жеңіске деген жігерлік, достарымыздың сенімі мені де қанаттандырды. Сыныптастарымның қолдауын әсіресе облыстық «Абай оқулары» байқауында бас жүлдені иеленіп, Семей қаласында өткізілген республикалық байқауға қатысуда сезіндім.

Сынып жетекшіміз Маржан Келдібаева мектеппен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырып, әр баланың жүрегіне жол тауып, өзінің ерекшелігін көрсете біледі, қоғамда табысты әлеуметтенуі үшін жағдай жасайды. Жемісті еңбегімізге, жеңістерімізге себепші болған сынып жетекшіміздің сенімі мен тәрбиесіне баршымыздың алғысымыз шексіз.

Алдағы уақытта мектебіміздің оқушылары жетістіктерге жетсін деген ниетпен сыныптаста-



рымыз сәттілік тілеймін. Әуелі Алла қолдап, ата-аналарымыз бен ұстаздарымыздың сенімін ақтауға тырысамыз.

Мерей СЫЗДЫҚБАЕВА,
А.Құнанбаев атындағы
№6 жалпы орта
білім беретін мектептің
II «А» сыныбының
оқушысы.